

# Тайынша Мәңгі

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 9 (976) 23 ақпан, 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің басты міндеті. Сыбайлас жемқорлық - бұл үнемі мұқият зерделуді, жүзеге келуіне қарсы және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы.**

Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа халықаралық қызығушылықты төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін белгілі бір заңнамалық база қалыптасты. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық база ұлттық заңнаманы қолданыстағы халықаралық стандарттарға жақындатқан көптеген заңнамалық құжаттарды жетілдірді.

Тиісті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау түрінде азаматтық қоғам институттарын дамытуды белсенді мемлекеттік қолдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегі халықтың белсенділігінің артуына әкелді. Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мақсатында “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Қазақстан Республикасының Заңымен заңнамаға мыналарды белгілеуге бағытталған түзетулер енгізілді:

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау қаупі жоғары лауазымдардың тізбелерін айқындау үшін негіздер;  
2. Осы лауазымдарға кіру және қызмет өткеру үшін жоғары талаптар;

3. Аталған лауазымдарға орналасуға үміткер адамдар үшін оларға қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау мәніне арнайы тексерулер қолдану мүмкіндігі туралы міндеттемелер.

Барлық мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ведомстволық бағдарламалар мен жоспарларды қабылдайды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар құрылған.

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес проблемасы «ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің СҚО бойынша аумақтық департаменті» ММ БАҚ-та және әлеуметтік желілерде тұрақты негізде жарияланады, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін арттыру саласындағы негізгі басымдықтар оны оңтайландыру, азаматтардың құқықтары мен мемлекет мүдделерін қорғауға баса назар аудару жолымен айқындалды, ал сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы бесқасиет күресті қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік қызметшілер мен Қазақстан Республикасы азаматтарының басымдықтарының бірі болып табылады.

**Н.П. Борзилов,**

*«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» басшысы.*

\*\*\*

## БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ

**Қазақстан 1 наурыздан бастап бірыңғай уақыт белдеуіне көшеді. Елдің басым бөлігінде сағат артқа жылжиды.**

Қазақстан 1 наурыздан бастап бірыңғай уақыт белдеуіне көшеді. 19 қаңтарда үкімет Қазақстанның барлық аумағында UTC+5 уақыт белдеуін енгізу туралы қаулыны бекітті. Осылайша 1 наурыз сағат 00:00-де Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері жергілікті уақытты бір сағат артқа жылжытуға тиіс. 2023 жылы желтоқсан айының басында үкімет қаулысының жобасы талқылауға шығарылған еді.

\*\*\*

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Тайынша ауданы прокуратурасы аудандық полиция бөлімшесі Пробация қызметі мен Полиция бөлімінің ЖПҚ бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен сотта дөңгелек үстел өткізді.**

Дөңгелек үстелде пробация қызметі аясындағы құқық қолдану тәжірибесінің өзекті және проблемалық мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, аудан прокуратурасымен сот алдында үкім немесе қаулы шығарған кезде сотталғанға белгілі бір мерзімге жұмысқа орналасу, тұрғылықты жерінен, пробация қызметінің рұқсатынсыз әкімшілік аумақтан тыс жерге шықпау туралы міндеттерді жүктеу туралы мәселе қозғалды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар аудан прокуратурасының бастамасымен көтерілген ұсынысты қолдады.

Тайынша ауданының прокуратурасы

## ЕҢБЕК АДАМЫНА — ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Мемлекет басшысы әлеуметтік-экономикалық бастамаларға, оның ішінде азаматтардың әл-ауқатын сапалық жағынан жақсартып, инклюзивті арттыруға, еңбек адамының мүдделері мен құқықтарын қорғауға, яғни бәсекеге қабілетті адами капиталды, оның еңбекқорлық және кәсібилік қасиеттерін дамытуға әрқазір қолдау көрсетіп келеді. “Qazaqstan” ұлттық арнасына берген “Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Қазақстан” сұхбатын еске түсірейікші. Онда “бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз керек. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады” деген сөздер бар. “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” мақаласында “біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашу шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу” дей келіп, әр адам өзін үздіксіз жетілдіру, жаңа кәсіптерді игеру, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы бәсекелестік қабілетті, білім мен технологияны, ел дамуының басты қозғаушы күші – жоғары еңбек өнімділігін арттыру міндеттерін қойды.

“Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары” Жолдауында азаматтардың мүддесі мен сұранысы еліміздің экономикалық даму стратегиясының өзегі саналатыны, сондықтан адамның қажеттілігі әрдайым басты назарда болу, осыған орай еңбек құқықтарын қорғаудың нақты тәсілдерін әзірлеп, платформалық жұмыспен қамту мәселесін түгел реттеу тиістілігі атап көрсетілді. Қазіргі еңбек нарығында ауқымды өзгерістердің болып жатқанына қарамастан өндірістік жарақат алудың жиілеуі өте өткір мәселе болып отыр.

Бытыр кәсіпорындарда 35 жазатайым оқиға орын алып, 38 адам зардап шекті, 10 адам көз жұмды. Оның ішінде кәсіподақтар қатысатын 10 ұйымда өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша Жол картасы әзірленді. Үкіметтің 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы кәсіби сын-қатерлердің алдын алуға, жоюға бағытталды деген сенімдемеміз. Қасым-Жомарт Кемелұлының тасырмасымен зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеген адамдарды әлеуметтік қорғау тетіктері әзірленіп, ең төменгі жалақы мөлшері біртіндеп өсіріле бастады. Биыл 1 қаңтардан бастап оның көлемі 85 мың теңгеге жеткізіліп, 1 млн. 800 мың адамды, оның ішінде бюджеттік ұйымдарда еңбек ететін 350 мың азаматты қамтыды. Бір сөзбен айтқанда, Президенттің “кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн”, – деген талап-нұсқаулары облыстық кәсіподақтар орталығының даму бағыты мен сапалық қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізіп, түпкі мақсат ұжым мүшелерінің тыныс-тіршілігіне қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Берекелі қоғам мен әділ мемлекет құру – 65 мыңнан астам адамды біріктіретін 1265 бастаушы кәсіподақ ұйымының негізгі ұстанымы. Қоғамның басты байлығы, ұлт игілігінің қайнар көзі – еңбек адамын құрметтеу, негізгі құндылық ретінде дәріптеу, еңбек үдерісін жақсарту, әлеуетін нығайту, соған орай іс-қимыл бағдарламаларын жетілдіріп отыру миссиясын “Кәсіптік одақтар туралы”, Еңбек кодексі заңдарымен үйлестіріп, реттеп отырады. Бұл орайда Кәсіподақтар федерациясының 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламалық құжатының мәні айрықша. Бұдан бөлек, еңбеккерлер мен жұмыс берушілер арасындағы тең құқықтық диалог, тиімді әлеуметтік жауапкершілік мүмкіндіктері 6 салалық, 8 жергілікті, 13 аудандық, 2 қалалық бірлестік пен 14 үйлестіру кеңесі арқылы да жүзеге асырылады. Жыл өткен сайын кәсіподақ қозғалысының кеңейіп, бұқаралық сипаты арта түскені байқалады. Оның бір дәлелі – мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және басқа салаларда 22 бастаушы кәсіптік ұйымының құрылуы. Бүгінде өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай тұрақты, ұжымдық еңбек даулары тіркелмеген, жалақы бойынша берешек және әртүрлі еңбек тәуекелдері жоқтың қасы.

Кәсіподақтар федерациясы бас кеңесінің шешімімен 2023 қауіпсіз еңбек жылы деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің жұмыс кестесі бекітіліп, оған кәсіподақ мүшелерімен қатар техникалық инспекторлар да жұмылдырылды. Жарақатсыз еңбек ортасын қалыптастыруға, өмір сүру сапасын жақсартуға, лайықты еңбекті бағалауға, әлеуметтік кепілдіктерді орнықтыруға баса назар ау-

дарылды. Мәселе үйлестіру кеңесінің отырысында бірнеше рет қаралып, тиісті орындарға түйінді түйткілдерді шешу жолдары жолданды. Үш-жақты келісім түрлі ұсыныстармен толықтырылды. Еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құру, олардың жұмысын жандандыру, жұмыс орындарын тексеру, қосымша міндеттемелер қабылдау бастамалары қолдау тапты. Еңбек кодексі және “Кәсіптік одақтар туралы” Заң нормалары шеңберінде 1073 техникалық инспектор 934 өндірістік кеңес құрамында тұрақты қоғамдық бақылау жүргізді. 4690 тексеру кезінде 7675 заң бұзушылық анықталып, 7612 құқық бұзушылық жойылды. Нәтижесінде өндірістік жарақат алу көрсеткіштері айтарлықтай төмендеді. Техникалық инспекторлардың жұмысын ынталандыру әлеуметтік әріптестік құжаттары арқылы бекітілген. Киров атындағы зауыттың басшылығымен бас келісімді іске асыру барысында еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға ай сайын 1 АЕК мөлшерінде көтермелеу төлемі жүргізілді. Өкінішке қарай, кей кәсіпорындарда техникалық инспекторлардың жұмысын ынталандыру шарттары орындала бермейді. Бұл норма 2024-2026 жылдарға арналған бас келісімге қайта енгізілді. Бұдан былай техникалық инспекторлар үш жылда бір рет кәсіптік қайта даярлау курстарында білімдерін жетілдіретін болады.

Еңбек ұжымдарымен кездесулерде зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыс үшін жеңілдікті зейнетақымен қамсыздандыруды қалпына келтіру ұсыныстары бірнеше рет қозғалған болатын. Қазіргі уақытта бұл сала бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау мәселесінің оң шешілгеніне бәріміз күеміз.

Жолдауда жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда 55 жасқа жетпей арнаулы әлеуметтік төлем төленеді. Атындағы шаралар нәтижесіз емес, өндірістік жарақаттану деңгейінің төмендеп, 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1000 адамға шаққанда жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті – 0,15-ті құрады.

Кәсіподақ орталығы ұшжақты комиссияның отырысында барлық кәсіпорындарда “Жол картасы” болу талабымен шығып, ұсыныс қабылданды. Сындралы диалог алаңдарында қауіпсіз және жарақатсыз еңбек тақырыптарына арналған проблемалар ұдайы талқыланып отырады. Техникалық инспекторлардың, ұйымдардың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінің, құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен 29 семинар ұйымдастырылды. Кәсіподақтар федерациясының “Үздік техникалық инспектор” конкурсының жергілікті жеңімпаздары мен жүлдегерлері аз емес. Кәсіподақтар үйінің ғимараты алдына қауіпсіз еңбек жылы логотипі бар баннер орналастырылды. Ақпараттық алаңдар, қолданыстағы стендер жаңартылды. Озық іс-тәжірибелер БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы таратылып, 842 материал орналастырылды. Еңбек қатынастарын реттеудің негізгі нормативтік-құқықтық актісі Еңбек кодексі бойынша жұмыс берушілер әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақы төлемдерінің кепілді төленуіне міндетті. Жыл басынан бері 6056 ұжымдық келісім жасалды, бұл жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жалпы санының 97,1 пайызын құрайды. Ұжымдық келісімшарттар әлеуметтік жеңілдіктермен сипатталады. Мысалы, Оңтүстік Урал темір жолы Петропавл бөлімшесінің қызметкерлері үшін жыл сайынғы еңбек демалысының ұзақтығы 28 күнтізбелік күн болып белгіленді, машина жасау қызметкерлері үшін 1 санаттағы қызметкердің жалақысы 1,2 тарифтік мөлшерлемеге көтерілді. “Қазпошта” АҚ облыстық филиалында қысқарту негізінде жұмыстан босатылған қызметкерлерге жаңа жұмыс іздеу үшін, жалақысы сақтала отырып, аптасына кемінде 2 сағат бос уақыт беріледі. “Молсервис” ЖШС-да барлық қызметкерлерге 0,5 мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

Облыстық кәсіподақтар орталығы жұмысшы-қызметкерлердің инфляция деңгейінен төмен емес жалақысын міндетті индекстеуді бекіту, тиесілі міндеттерді орындау кезінде азаматтық-құқықтық шарттарды алып тастау, қосымша демалыс күндерін, ай сайынғы қосымша ақыларды және тағы басқа көтермелеулерді ұсыну арқылы техникалық инспекторларды ынталандыру сияқты өзекті мәселелер бағытында өз жұмысын жалғастыра түспек. Табиғаты қатал өңірлерде еңбеккерлер 25 пайыз мөлшерінде көбейту ұсынысы да жіті назарымызда. 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбектің жаңа тұжырымдамасын іске асыру, еңбек және әлеуметтік құқықтарды қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру, ұшжақты әріптестікті нығайту басты міндеттер болып қала береді.

**Ерік НУРАҚАЕВ,**

облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы.



## ЭПИЗООТИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҚ

Эпизоотиялық салауаттылық дегеніміз – әрбір аулада, әрбір шаруашылықта өсірілетін малдың әрқашан сау болуы, жұқпалы ауруларға шалдығуы және олардан алынған өнімнің адам денсаулығына қауіпсіздігіне иесінің күмәнденбауы.

Шаруашылықтың эпизоотиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар кешені малдың жұқпалы ауруларының алдын алу болып табылады. Жануарлар ауруларының пайда болуын, таралуын және оларды жоюды, сондай-ақ халықты адамдар мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау мақсатында «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» КММ «Ветеринарлық станциясы» ШЖҚ МКК мемлекеттік тапсырысы бойынша жылына екі рет көктемгі және күзгі кезеңде аса қауіпті аурулар бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар өткізеді.

Малды ветеринариялық профилактикалық іс-шаралармен толық қамту тек ветеринариялық қызметке ғана емес, иелерінің өзіне де байланысты. Барлық қолда бар малды жоспарлы ветеринариялық іс-шараларға уақтылы және уақтылы қамтамасыз ету – жеке шаруашылығыңызда эпизоотиялық салауаттылықты сақтаудың кепілі. Жасыратыны жоқ, кейбір мал иелері малдың бордақылау үшін ұсталып, кейін етке сатылып жатқанын алға тартып, ветеринарлық профилактикалық шараларды жүргізуден бас тартады. Осыған орай, елімізде ветеринарлық емдеуден өтпеген, жұқпалы ауру болып шыққан малдың етінен ауруға шалдығу фактілері көптеп кездеседі.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес, мал иелері сатып алынған жануарлар мен құстарды облыстың ветеринариялық қызметіне, сондай-ақ бірнеше жануарлар өлген, бір мезгілде ауырған, немесе олардың әдеттен тыс мінез-нұрқы.

2024 жылдың 1 наурызынан бастап жоспарлы көктемгі ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар мен ауылшаруашылық жануарларын зерттеу жүргізіледі. Малды жыл сайын бруцеллезге, туберкулезге тексеріп, сібір жарасына, құтырмаға, кесек дерматитке және басқа да ауруларға қарсы вакцинациялау оларды ұстаудың міндетті талабы болып табылады. Ауданның эпизоотиялық әл-ауқаты, сондай-ақ жануарлардан алынатын өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі ветеринариялық емдеу шараларының уақтылы жүргізілуіне байланысты. Бұл іс-шаралар тегін өткізіледі. Сондай-ақ аталған аталған шаралардың барлығы профилактикалық дезинфекциясыз толық емес. Өйткені, мал қораларын жылына екі рет қыстан кейін және қораларға қоймас бұрын ықтимал зиянды микрофлоралардан дезинфекциялау және тазалау қажет.

Осыған байланысты эпизоотиялық салауаттылықты сақтау “Тайынша ауданының Ветеринарлық станциясы” ШЖҚ МКК жанындағы Тайынша ауданының барлық тұрғындары мен ауылшаруашылық жануарларын ұстаумен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілерінің басшыларына жедел түрде барлық шараларды жүргізуді талап етеді. Облыс аумағында жануарлардың аса қауіпті ауруларының пайда болуының алдын алуға бағытталған қажетті диагностикалық, емдеу және профилактикалық ветеринариялық іс-шаралар жүргізіледі.

**М. М. ТОҚУЖИНОВ,**  
«Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК басшысы.

## • Қауіпсіздік

## КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫН ЕСКЕРТУ

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары және қонақтары! Қарлы қыстан кейінгі басталған көктемгі климаттық өзгерістерге байланысты біздің ауданымыздың елді мекендері аумақтарының су астында қалу қаупі бар. Қар күрт еріген кезде бірнеше елді мекендер су астында қалуы мүмкін, әсіресе төменде орналасқан жер үйлерді су алуы қаупі басым.

Мүліктің бұзылуының алдын алу, қайғылы оқиғаларды болдырмау мақсатында тұрғындар келесі шараларды қолдануы керек: Мессенджерлардағы метеожаналықтар мен хабарламаларды бақылап отыру;

Тұратын жерінің су алатын шекараларын анықтау; Үй жанын қардан, қоқыстан тазарту, мүмкіндігінше қарды елді мекен сыртына шығаруды ұйымдастыру;

Үй жанында орналасқан су өткізетін құбырларды тазарту; Аулада су ағатын арықтар жасау;

Су өткізетін құбырлардың бастарын тазарту, жауын ағатын құбырларды тазалау;

Үйдің аумағын су көшкінінен қорғайтын қолда бар материал дайындау (қап, топырақ, құм);

Үй қоршауда қалған жағдайда қажет болатын ең керек деген заттарды дайындау;

Алдын ала үй жануарларын қайда жіберетінін ойластырып қою;

Үй заттарын, жергілікті тағамдарды барынша жоғары жерге ауыстыру;

Аулада мейлінше шаруашылық заттарын аз қалдыру, сумен ағып кетуі мүмкін;

Жанар-жағар май құйылған ыдыстарды жақсылап жауып, ашылып кетпеуін тексеру;

Қарт, ауыратын адамдарды тасқын қаупі кезінде басқа қауіпсіз жерге апару;

Су сорғыш, шелек, күректерді дайындап қою;

Көктемгі су тасқыны балалар үшін аса қауіпті.

Ата-аналар мен үлкендердің қарауынсыз қалған балалар, жағалауда ойнауы, мұздарда сырғанауы жиі орын алады. Бұл жағдайлар қайғылы аяқталуы мүмкін. Әсіресе көктемде балалар ойнайтын жерлерді қатаң бақылау керек.

Көктемгі су тасқыны кезінде мыналарға тыйым салынады:

Өзен, көлге шығуға;

Мұз кететін кезде өзен арқылы өтуге;

Мұзға жақындауға;

Құлап кету мүмкіндігі бар жағалауларда тұруға;

Көпірше, бөгеттерде жиналуға;

Өзеннің тереңдігін өлшеуге;

Мұзда жүруге және сырғанауға.

**Қайрат ТЕМІРБЕКОВ,**

Тайынша ауданы әкімінің аппараты

## АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА СХЕМАСЫ

Соңғы айларда әр түрлі мемлекеттік құрылымдар мен ірі банктердің өтемақы төлейтіні туралы алаяқтықтың жаңа схемасы қарқын алуда. Қаскүнемдер беру тәсілін, төлем сомасын, ұйымның атауын немесе нысаналы аудиторияны өзгерте отырып бұл схеманы мезгіл-мезгіл қолданады. Алаяқтардың бір ғана мақсаты бар – әрі қарай өзінің пайдәкүнемдік мақсатына пайдалану үшін азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізу.

Fingramota.kz интернеттегі алаяқтықтың бұл түрі туралы әңгімелеп, қарсы қорғаныс әдістерімен бөліседі.

Еңбек министрлігінен ҚР барлық азаматтарына өтемақы төлеу

Өткен жылдың соңынан және ағымдағы жылдың басынан бастап Facebook, Instagram, Telegram және YouTube әлеуметтік желілерінде: «Бүгінгі күннің жаңалығы! Әркімге 3 млн мөлшерінде төлем қолжетімді... Сайтында ЖСН-ді тексеріңіз» немесе «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен барлық азаматтарға өтемақы төленеді» және т.б. сияқты еліктіргіш тақырыптағы мемлекеттік органдар сайттарының атын жамылған жарнамаларды жиі көруге болады. Азаматтарды барынша тарту үшін алаяқтар танымал тұлғалардың суреттерін пайдаланады. Азаматтарды адастыру үшін қылмыскерлер әр жарнамалық посттың астына «Жылдам төлем үшін рахмет», «Сома дәл айтылған күні түседі!», «Шұғыл түрде өтініш беріңіздер» деген сияқты түрлі боттардың комментарийлерін салып қояды.

Аталған сайттарға кіргеннен кейін осы ақшаны алудың басты талаптарының бірі ЖСН, банк картасының деректері, SMS хабарлама енгізу сияқты дербес деректерді беру болады. Өтемақы тек тіркелген азаматтарға ғана төленеді-мыс.

Азаматтар сұратылған ақпаратты енгізгеннен кейін, олар алаяқтардың жеке мәліметтерге қол жеткізуіне автоматты түрде мүмкіндік береді, олар кейіннен азаматтардың шоттарынан барлық ақшаны есептен шығара алады немесе тіпті кредит ресімдей алады. Сондай-ақ, күмәнді сайттарға өткеннен кейін, сіздің гаджеттеріңізге шпиондық бағдарламаны орнатуға негізделген хакерлік шабуылға тап болу қаупі туындайды. Осы бағдарламалар арқылы алаяқтар сіздің онлайн-банкінгіңізге және басқа да жеке деректеріңізге қол жеткізе алады.

Қаржылық алаяқтардың мақсаты біреу: қылмыскерлер азаматтарды алдау арқылы олардың ақшалай қаражатын алады, шоттар мен карточкалардан қолда бар қаражатты ұрлайды немесе кредит береді.

Баптар бойынша жаза қаржылық қылмыстар үшін ауыр әкімшілік немесе қылмыстық жазаларды көздейді, ҚР ҚК-тің 190-бабы.

Қайталау-оқу анасы: фишинг арқылы азаматтардың деректерін қолды қылу

Алаяқтар өздерінің қаріптерін, логотиптерін және жалпы танымал дизайн стилін қолдана отырып, қолданыстағы сайттарға (мысалы, белгілі банк немесе онлайн-дүкен) ұқсас зиян келтіретін сайттар жасайды және олардың атынан азаматтардың электронды мекенжайларына өткізілетін конкурстарға қызықтыратын ұсыныстар, пікіртерімдер мен сыйлықтар алу мүмкіндігі туралы хабар жібереді. Бір қарағанда, сайттың сенімді-сенімсіз екенін анықтау өте қиын, жалғыз

\* \* \*

## ҰРПАҚҚА ҮЛГІ КӨРСЕТУ – ПАРЫЗ

Қазірде халқымыздың құқықтық сауаты арта түскенін биліктің өкілдерінің кері байланысқа шығып, үнемі атқарылып жатқан жұмыстарымен таныстырып отыруынан, жұртшылықтың дер кезінде тың ақпараттар алып, құқыққа сай әрекет ете білуінен байқауға болады. Бұл Президентіміздің: «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек алға қарауымыз керек» деген ойын айшықтай түскендей.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында Қаңтар қасіретіне қатысты білдірген көзқарасы үлкен маңызға ие. Президент сұхбатында қаңтар оқиғасының орын алу себептерін нақтылап берді. Барлық айтылған ойларынан қаңтар оқиғасының астары өте тереңде жатқандығын бағамдауға болады.

Адвокат ретінде бірқатар бейбіт тұрғындардың, кейбір күдіктілердің заңды мүддесін қорғағанымда, біршама жайттарды іс материалдарындағы тергеушілердің көркем әдебиетшідей шебер сипаттап, оны көшіріп, басқа істердің материалдарына қоса беретіндігі мені таң қалдырғанын жасыра алмаймын. Себебі күдікті деп тану туралы екі-үш беттен тұратын қаулы болса, соның жарты парағы ғана тиісті күдіктіге қатысты әрекеттер, қалғаны жалпы көшірме сипаттау сөздері еді. Заң құжаттары нақтылықты талап етеді. Тіпті кейбір істе бірін-бірі мүлдем танымайтын, топтың арасында жәй жүрген адамдарды, қол телефоны сигналдары өзара жақын жерлерден тартқан азаматтарды бір топ құрды деген желеумен ұстап, оларға қатысты тергеу амалдарын жүргізіп, сотқа жеткізген істер де бар. Тіпті ұстап әкелген адам оларды шынымен де танымайтынын, жол-жөнекей қосылғанын айтып тұрса да, «қамаймыз» деп қорқытып, қысым жасауға әрекеттенген кездер де болды.

Осы ретте біз нағыз күдіктілер мен басым көпшілікке ере шыққан қарапайым халық өкілдерін ажырата білуіміз керек. «Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын

айырмашылық тақырыптың бір әріпінде немесе түсінде болуы мүмкін. Алаяқтың мақсаты – пайдаланушыны алдау және оны өзі және оның қарточкасы туралы құпия ақпаратты ашуға мәжбүрлеу.

Сондай-ақ сайты ауыстыру маркетингтерге де қолданылады. Тауарларды интернет арқылы сатып алатын кезде жиі жағдайда толығымен немесе ішінара алдын ала төлем жасау қарастырылады. Нәтижесінде аударылған тұтастай ақша дүкен иесінің шотына түсіп, ол алдын ала төлемді алғаннан кейін жай ғана тауарды жібермеуі немесе сапасыз тауарды немесе сипаттамасына сәйкес келмейтін тауарды жіберуі мүмкін.

Бұдан басқа, интернет-ресурстар жасыру қызметтерін ұсынатын шетелдік сайттардың көмегімен тіркелуі мүмкін, бұл бірқатар жағдайда алаяқтар туралы дұрыс мәліметтер алуды қиындатады.

Сондай-ақ, күдікті интернет-ресурстардан тіркеуден өтудің және осылайша танымайтын адамдарға өзіңіздің жеке деректеріңізді берудің қажеті жоқ.

Әркім білуге тиіс негізгі қауіпсіздік қағидалары:

- Ақпаратты әрқашан ресми сайттардан ғана тексеріңіз.
- Өзіңіздің жеке және банктік деректеріңізді жария етпеңіз. Карталарды үшінші тұлғаларға бермеңіз.
- Ақша туралы сөз қозғайтын бөтен адамдардың қоңырауларына сенбеңіз және ең дұрысы, банктің колл-орталығына қайтадан қоңырау соғыңыз.
- Телефонға қосымшаларды рұқсаты жоқ дүкендерден орнатпаңыз және конфиденциалдылық теңшеулерін мұқият қадағалаңыз.
- Төлем картасындағы 3D-Secure функциясын өшірмеңіз.
- Барлық транзакцияны көріп отыру үшін мобильді банкингте SMS және push-хабарламаларды орнатыңыз.
- Барлық онлайн-сауданы еңбекақы картасынан бөлек төлем картасының көмегімен және тексерістен өткен сайттарда ғана жасаңыз.
- Электронлық поштаға немесе мессенджерге жіберілген белгісіз салынған файлдарды іске қоспаңыз.
- Фишингтік сайттарға өткен жағдайда дербес деректеріңізді енгізбеңіз.
- Алаяқтық сайттарға өтуде жол бермейтін сенімді вирусқа қарсы бағдарламаны орнату қажет.
- Ақшалай қаражатыңызды ұрлаған жағдайда, құқық қорғау органдарына жүгініңіз.

Алаяқтар өздерінің әрекеттерінде қарапайым адами сезімдерді жиі пайдаланады, мысалы, оңай ақшамен байланысты табыс табу. Әлеуметтік инженерия арқылы қарым-қатынас кезінде қаржылық шығындарды болдырмаудың жалғыз жолы - өтемақы, лотерея ұтысы, жеңіл немесе толық емес жұмыс, пайдалы инвестициялар болсын, ақшаға қатысты кез келген ұсыныстарды сыни тұрғыдан қабылдау керек. Әрқашан ақпаратты екі рет тексеріңіз және маңызды қаржылық шешімдер қабылдағанда ешқашан асықпаңыз.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

\* \* \*

өледінің» кебін кимес үшін қаңтар оқиғасына қатысты деп күдік келтірілген біраз адамдардың істеріне осы тұрғыдан мән берген абзал. Бұл мәселеде Президенттің «Қаңтар оқиғасына қатысқандарға рақымшылық жасау туралы» заңды қабылдауы арқылы сол ортада қызу-қандылықпен, бұзақы топқа ілесіп құқық бұзғандарға қатысты жазаны жеңілдетуге жол ашты.

Айта кету қажет, қаңтар оқиғасы іспеттес ауқымды құқық бұзушылықпен күрес жүргізудегі құқық қорғау органдарының қызметі де бұл тұста үлкен сынға түсті. «Біреу тойға айналғанда, кейбіреулердің қойға бас салғаны» да жоқ емес. Оның бағасы уақыты келгенде беріле жатар. Сол кездегі күрделі ахуалдан да өткен мемлекетіміз бен халқымыздың болашағы жарқын боларына сенемін. «Халық үніне құлақ асатын мемлекетте» мәселелер тек бейбіт алаңдарда, мәдениетті түрде шешілуге тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда халықтың құқықтық сауаттылығы деңгейі де сол қаңтар оқиғасы кезінде қылаң бергенін жасыра алмаймыз. Дегенмен қаңтар оқиғасынан кейін мемлекетіміз көп жылға есейді. Бүгінде халықтың қаржылық сауаттылығы мәселесі де өзекті. Сұхбатта сөз болған «халықтың қарызға батуына» байланысты мемлекет тарапынан жасалып жатқан тың шаралардың нәтижесі осы жолғы Үкімет басшысынан күтетін жақсы бастамалардың бірі болатынын айта кеткен жөн. Орта буыннан жас буын сабақ алатыны заңдылық десек, біз еңбекқор, білімпаз, кәсіби, адал, бастамашыл, мейірімді, қарапайым қасиеттерімізбен «елім десе еліреніп тұратын» болашақ ұрпаққа үлгі көрсете білуіміз керек. «Ел болам десең, бесіңді түзе» демекші, әрбір отбасы өз құндылықтарын арттыра отырып, әділетті Қазақстанның шаңырағына бір-бір мықты уық болып қадалуы керек.

**Роза ӨМІРТАЙ,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, Egemen Qazaqstan.



# ҚУАТТЫ АРМИЯ - ТЫНЫШТЫҚ КЕПІЛ

Әрбір елдің Әскери Күші өз елінің айбыны болып табылатыны анық, Әскердің күш-қуаты мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігіне кепіл бола алады. Яғни, әр елдің Қарулы Күштері қаншалықты мығым болса, сол елдің өсіп-өркендеуі мен дамуы да соншалық қалыпты жағдайға айналатыны рас. Сондықтан да, басқа елдер сияқты Тәуелсіз Қазақстан үшін де Әскери Күштердің маңызы ерекше.

**Құрметті Солтүстік Қазақстандықтар! Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша аудандық, Қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі келісімшарт бойынша қызметке шақыру бойынша хабарландыру. 19 және 35 жас аралығындағы азаматтарды келісімшарт қызметіне шақырамыз.**

Қазіргі таңдағы Тәуелсіз Қазақстан армиясы ел қауіпсіздігінің берік қалқаны әрі егемендігіміздің мызғымас кепілі болып саналады. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарындағы бой түзеген әрбір сарбаз бен сардар осы егеменді еліміздің айбынды армиясының қастерлі Тәуелсіздігімізді күзетіп тұрғанын ұдайы есінде ұстауы тиіс деп санаймыз

*Келісімшарт қызметіне шақыру мекенжайымыз:*  
Тайынша қаласы, Светлый шағын ауданы 7 Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданының, Қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі  
тел: 8 (71536) 2-13-70, тел: 8 (71536) 2-31-11

\*\*\*

## • Көпишілік Назарына!

# ҚЫЗЫЛША қандай ауру?

Қоғамдық денсаулықты қорғау комитетінің хабарлауынша, қызылша ауруы қазір әлемде дендеп тұр. Ел, елімізде бұл аурумен ауырғандардың жартысынан көбі оған қарсы екпе алмағандар. *Infoburo.kz* ауруға қатысты жан-жақты зерттеп көрді.

Қызылша – қандай ауру? Ол - инфекциялық жұқпалы ауру. Көбіне балаларда кездеседі. Кейбір кезде соңы қайғылы жағдаймен аяқталуы мүмкін. Ауруға қарсы екпе алмаған адамның оны жұқтырып алуы әбден мүмкін.

Негізгі белгілері: Әлсіздік; Дене қызуының көтерілуі; Бас ауруы; Ұйқысыздық; Тамаққа тәбеті болмау. Мұрын бітеліп, құрғақ жөтел болу мүмкін. 3-8 күнде денесіне бөртпе шыға бастайды.

Ауру қалай жұғуы мүмкін? Вирус ауа тамшылары арқылы сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейімен сыртқы ортаға тарайды. Инфекция көзі – төртінші күн бөртеп ауырып жүрген адам. Бесінші күннен бөртеп жүрген адамнан жұқпайды. Ауырып, жазылған адамда өмір бойға иммунитет сақталады. Кезінде қызылшамен ауырған әйелден туған бала 3 айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені, оның бойында анасынан берілген аурудан қорғайтын қарсы денелер (антитела) уақытша сақталады. Қызылшамен ауырмаған және егілмеген адамда кез келген жаста, тіпті өмір бойы бұл ауруға шалдығу қаупі сақталады.

Диагностикасы: Егер аурудың белгілері байқалса, сау адамдарға жұқтырмас үшін қарым-қатынасты дереу тоқтату керек. Мұндайда бірден емханаға бару керек. Зертханалық сынамаларын алғаннан кейін диагнозды инфекционист-дәрігерлер қояды. Ауру адам қан және зәр тапсырады. Дәрігердің жолдамасымен тағы да қажетті анализдерді тапсыруы ықтимал. Дәрігерлер аурумен қарым-қатынаста болған адамдарың бәрін 21 күн бойына тексереді.

Аурудың салдары: Вирустың алдын алмаса пневмония, энцефалит ауруларына шалдығу қаупі бар. Сол үшін дер кезінде дәрігерге жүгіну керек. Көбіне қызылшамен 5 жасқа дейінгі балалар немесе 20 жастан асқандар ауырады. Оларда құлақ қуысы, мойын тұсы ауырады, көз ауруы барларда соқырлыққа дейін асқыну қаупі болуы мүмкін. Сондықтан учаскелік дәрігер ауруды жиі бақылап тұруға тиісті.

Қызылшаны қалай емдейді? Арнайы емдеу тәсілі жоқ. Ауру жұқтырған науқастарға төсекте жату, сұйықтықты көп ішуге кеңес беріледі. Қызу түсіретін, мұрын бітелуіне және тамақ ауруына қарсы дәрілер мен витаминдер тағайындалады. Ауруы асқынғандар ауруханаға жатқызылады.

### АУЫРМАС ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Ең тиімді әдісі – екпе алу. Екпе бала бір жасқа толғаннан кейін үш айдың ішінде салынады. Одан соң алты жасында тағы салынады. Дәрігерлер екпе алмағандарға емханадан оны тегін салдыруға болатынын ескертеді. Алдын алу шарасы ретінде бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жасау ұсынылады. Науқас адамның үйіне, ауру өршіп тұрғанда адам көп жерлерге бармауға кеңес беріледі. Халық көп шоғырланған орындарда маска киіп жүру көмектеседі.

Infoburo.kz

# ТІЛ БАЙЛЫҒЫ - ЕЛДІҢ МАҚТАНЫШЫ

Мемлекеттік тіл - тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын ерекше қатынас құралы. Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны әрі ары.

Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату - әрбір қазақтандықтың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен дініміз – ұлттық мәдениетіміз бен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Тіл таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің не тұрып жатқан жеріңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттенесің.

Қазақ тілі-өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтеруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің қуатты қаруы. Ана тілі- ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау - арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Қандай саланың маманы болсаң да ана тілін құрметтеп,

\*\*\*

# ЖОСЫҚСЫЗ ДЕЛДАЛДАРҒА СЕНБЕҢІЗ

Қазақстанда жеке төлем үшін кредиттерді қайта құрылымдау бойынша қызметтер ұсынатын жосықсыз делдалдар көбейіп барады. Алаяқтар тұтынушылық кредиттер және микроқарыздар бойынша мерзімі өткен қарыздарды реттеу рәсіміне өтініштер жазу және кредиттік ұйымдарға ұсынуды бойынша қызметтер ұсынады. Олар азаматтарды өз бетінше ұсынылған өтініштер қарастырылмайды деп иландырады.

Бұл қате түсінік! Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында 2021 жылғы 1 қазаннан бастап кредиттік ұйымдардың төлемге қабілетсіз қарыз алушылар-жеке тұлғалардың берешегін реттеудің бірыңғай заңнамалық тәртібі қолданылады. Банкер мен микроқаржы ұйымдары азаматтардың қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешектерін қайта құрылымдауға өтініштерін заңнамалық деңгейде қарауға міндетті. Қарыз алушылардың іс-қимыл алгоритмі қарапайым және бұл үшін ешкімге ақша төлеудің қажеті жоқ!

*Fingramota.kz* азаматтардың кредит бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда, олардың іс-қимыл алгоритмін еске салады.

1. Банк немесе МҚҰ қарыз алушыны төлем мерзімі өткені жөнінде ол басталған сәттен бастап **20 күн** ішінде хабардар етуге міндетті. Хабарламада кредиторлар сонымен қатар, азаматтарды мыналар:

- пайда болған төлем мерзімі өтудің нақты мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;
- қарыз алушы-жеке тұлғаның кредиторға жүгіну құқығы туралы;

- кредиттер мен микроқарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың салдары туралы хабардар етуге тиіс.

Сондықтан, егер қарыз алушы өз міндеттемелерін орындай алмаса, онда ең алдымен банкке немесе микроқаржы ұйымына **өтінішпен** жүгіну қажет. Ешқандай жағдайда кредит берушіден жасырынуға болмайды! Қалыптасқан жағдайды оң шешу қарыз алушының ғана емес, кредиттік ұйымның да мүддесі үшін маңызды. Сондықтан, реттеу шаралары неғұрлым ертерек қабылданса, қарызды өтеудің өзара қолайлы нұсқасы соғұрлым тезірек табылатын болады.

2. Төлем мерзімінің өтіп кеткені туралы кредит берушіден хабарлама алғаннан кейін қарыз алушы мерзімі өтіп кеткен күннен бастап **30 күн ішінде жазбаша өтінішпен** немесе шартта жазылған өзге де тәсілмен кредитті қайта құрылымдау үшін қызмет көрсетілетін қаржы ұйымына жүгінуі қажет.

### Өтініште мыналарды көрсету қажет:

1. Өз міндеттемелерін орындамау себебін көрсету. Қолыңызда қиындықтарды растайтын құжаттар болуы маңызды.
2. Міндеттемелерді орындау бойынша өз нұсқаларын ұсыну.

• Заңнамаға сәйкес кредит беру шартының талаптарына өзгерістер енгізу кезінде мыналар көзделеді:

- қарыз немесе микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгерту;
- қарыз мерзімін өзгерту;
- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, айыпақының (айыппұл, өсімпұл), комиссиялардың және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдердің күшін жою;
- кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өз бетінше сатуы;
- кредит берушіге кепіл мүлкін беру арқылы кредит беру шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін беру;
- сатып алушыға кредит беру міндеттемесін бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті сату.

Банк өтінішті қабылдауға, тіркеуге және қарауға міндетті. Күнтізбелік 15 күн ішінде:

- сіздің шарт талаптарына ұсынған өзгерістеріңізді қабылдай отырып келісетіні;
- шарт талаптарын өзгерту туралы өз нұсқаларын ұсынатыны;



қазақ тілінің мәртебесін көтеру - қазақтың қара шаңырағының астында тұрған, елім, жерім деген әрбір азаматтың борышы деп есептеймін.

**Гүлдана ЕЛЕМЕСОВА,**  
Тайынша аудандық сотының Бас маманы.

\*\*\*

- уәжді негізделген себептерін көрсете отырып, бас тартуы туралы жауап беруі керек.

Мынадай қалыптасқан жағдайлар шартқа өзгерістер енгізу туралы өтінішпен кредиторға жүгіну үшін негіз болуы мүмкін:

- қарыз алушының жұмыссыз қалуы;
- халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобы (ХӨОТ) не атаулы әлеуметтік көмек алушы мәртебесін иелену;
- ауруына байланысты уақытша жұмысқа жарамсыздық;
- бала күтіміне байланысты демалысқа шығу;
- мерзімді әскери қызметке шақырылу;
- жақын туысының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болуынан қосымша шығыстардың болуы;
- материалдық шығынға ұшырау (ұрлау, өрт, су басу және т.б.).

Маңызды! **Қарыз алушының өзі кредиторға қаржылық және әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат беруі**, міндеттемелерін толық көлемде орындауға мүмкіндік бермей отырған кірісінің азаю не болмау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс. Сұратылған құжаттарды ұсынбау қарыз алушының өтінішін қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады.

Жасалған қарыз шартының талаптарына өзгерістерді мақұлдау туралы шешімді кредитордың уәкілетті органы қарыз алушының міндеттемелерін шарттық қолданыстағы талаптарымен орындай алмайтынын растайтын құжаттарды қарау және оның төлем қабілетін бағалау нәтижелері бойынша қабылдайды.

Шарттың талаптарына өзгерістер кредитор осындай шешім қабылданған күннен бастап **күнтізбелік 15 күн ішінде** енгізіледі.

Егер қарыз алушы **банкпен** немесе МҚҰ-мен **келісімге қол жеткізе** алмаған жағдайда, ол ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – Агенттік) жүгінуге құқылы. Бұл ретте **кредиторға жүгінгеніңізді және өзара қолайлы шешімге қол жеткізбегеніңізді растайтын** құжатты ұсыну қажет. Агенттік өтініш негізінде өз өкілеттігі шеңберінде кредиторға қатысты құжаттамалық тексеруге бастамашылық жасайды және тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін кредитордың іс-әрекеттерін бағалауды ұсынады.

Агенттік ХӨОТ-қа жататын қарыз алушы-жеке тұлғадан келіп түскен өтінішті қарау кезеңінде сотқа талап қою арқылы не соттан тыс тәртіппен **кепілге салынған мүліктен ақы өндіріп алуға жол берілмейтінін** атап өтеміз.

**Анықтама үшін!** 2021 жылы енгізілген төлем мерзімі өткен берешекті реттеудің бірыңғай және міндетті тәртібі өзінің тиімділігін көрсетті және **1,3 млн қарыз алушыға шарттардың талаптарын өзгертуге мүмкіндік берді**, оның ішінде 2023 жылы кредиторлар **815 мың қарыз алушының** (330 мың банк қарыз алушысы, 485 мың МҚҰ қарыз алушысы) қарыздарын қайта құрылымдауды жүргізді.

Егер қарыз алушы кредиттік ұйымға жүгінбеген жағдайда не болады?

Егер реттеу процесі басталмаса, кредитор төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты мынадай **шаралар қолдануға**:

- борышкердің шотынан қарызды өтеу есебіне қаражат алуға (жәрдемақылар, алименттер, тұрғын үй төлемдерін, нотариустың депозиті талаптарында енгізілген ақшаны, білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ақшаны алуға арналған арнайы шоттарды қоспағанда);
- берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беру немесе талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беруге **құқылы**.
- кредиторлар мәжбүрлеп өндіріп алу үшін сотқа жүгінуі мүмкін.

Кредитті ретінде асықпаңыз, алдымен банктің, МҚҰ-ның қандай комиссиялары мен талаптары бар екенін зерделеп алыңыз. Қысқа мерзімге берілетін кредитті қарастырыңыз және **кредиттік шартқа қол қоймас бұрын оның барлық талаптарын оқып шығу керек. Кредитті ретінде туралы шешім қабылдамас бұрын, жан-жақты ойланаңыз. Өз атыңызға кредит ретіндеудің келешекте сіздің қаржылық әл-ауқатыңызға әсер етуі мүмкін екенін ұмытпаңыз.**

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі**



## ҚАЗАҚТЫҢ АСА КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

**Биыл мемлекет қайраткері, би, шешен Әйтеке би Бәйбекұлының дүниеге келгеніне 380 жыл толып отыр. Осыған орай Фабиет Мүсірепов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында әдеби-сазды кеш өтті.**

Әйтеке би Бәйбекұлы – Тәуке хан тұсында Хан кеңесінің құрамына кірген, Кіші жүздің “Орда биі”, қазақтың аса көрнекті мемлекет қайраткері. Ол Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би сияқты ірі жеті бидің қатарында орталықтандырылған Қазақ хандығының құқықтық заңдарының жинағы “Жеті Жарғыны” құрастыруға қатысты. Әйтеке би қазақ мемлекеттілігінің орнығуына, сонымен қатар жоңғар шапқыншылығы жылдарындағы “Ақтабан шұбырынды” болған ұлы апатты кезеңдерде тиімді және тәуелсіз сыртқы саясатты қалыптастыруға зор ықпал етті.

Кеш барысында Ақан сері атындағы облыстық филармонияның әншісі Ғалымжан Нұрпейісов ән шырқап, меймандар қазақтың билер институты, шешендік өнері жайлы сөз қозғады. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры Зылиха Бимаханова, Әскери акаде-

мияның профессоры Жанбатыр Сартаев баяндама жасады.

Сафуан Шәймерденов атындағы қалалық классикалық гимназия оқушылары Әйтеке бидің шешендік сөздерін жатқа айтты. Тәуке хан тұсында халық арасында “Күлтөбенің басында күнде кеңес” деген сөз айтылған. Әйтеке би Тәуке ханның Хандық кеңесіне Кіші жүздің бас биі ретінде тартылды. Тәуке хан сол кездегі Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билер қатарлы жеті ірі биге орталықтандырылған қазақ хандығының құқықтық негізі – “Жеті Жарғыны” дайындауды тапсырды.

Ол Тәуке ханның Хан кеңесінде кеңесшілік қызметпен ғана шектелген жоқ, жоңғарларға қарсы жорықтарға тікелей қатысты. Оның жоңғарлардың Сайрам қаласына шабуылын тойтаруға қатысқаны белгілі. Ал 1683 жылы ол өзі Кіші жүздің әскери жасағын басқара отырып, бес мың әскерімен жоңғар әскербасы Ғалдан-Бошақтыға қарсы соғыста жеңіске жетті.

### Дамира ЖҮСІПОВА,

Фабиет Мүсірепов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы жанындағы ұлттық және шетел әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі.

## ЖАТ АҒЫМДАРҒА ТЫЙЫМ БОЛА МА?

**Соңғы кездері ислам дінінің атын жамылып, осынау адамзаттық құндылықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын теріс пиғылды ұстанымдарын барынша насихаттап, психологиялық жағынан әлі толыса, қалыптаса қоймаған жас буынның ойына да, бойына да тықпалап жүрген деструктивті, радикалды діни ағымдар мен секталар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Елінің болашағын ойлаған азаматтарды қазіргі уақытта күндей күйдіріп тұрған көкейкесті проблема бейжай қалдырмасы анық.**

“Дүниежүзілік дәстүрлі діндердің съездерін өткізіп жатқан бірден-бір мемлекетсіз” деген атаққа масайрап, “көп конфессиялы елміз деп шетелдерге жақсы атанып жүргенде сақтықты назардан шығарып ал-ғандаймыз. Мемлекеттік рәміздер мен мерекелерді құрметтейтін, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді, заманауи мәдениет, өнер түрлерін жоққа шығаратын, көпшілік мұсылман ұстанатын Ханафи мазхабын мойындамайтын, зайырлы өмір сүру салтына қарсылық танытатын, заңда белгіленген міндеттерді орындаудан бас тартатын деструктивті діни ағымдар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап шыға келді. Осылайша өздерінің діни догмаларын ақиқат ретінде күштеп таңу үрдісін бастады. Басты құндылығы – адам, оның өмірі мен бостандықтары болып табылатын Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттік ұстанымынан тайдырудағы қатері орасан. “Радикалды діни ағымдардың өкілдері “жихад” ұғымын басқаларға қарулы соғыс жүргізу деп қате түсінеді. Шындығында ол белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету жолында адамның күш, қайрат жұмсауы деген мағынаны білдіреді”, – дейді дінтанушылар. Жат ағымдарға көп-көрінеу демеу, қолдау жасалғаны жөнінде кезінде қанша дабыл қағылса да, олардың шашбауын көтерушілер, былайша айтқанда, мемлекеттің қаржысын қалтасына басқандар жымқырғандарынан өнер адамдарына, спортшыларға тауыққа шашқан тарыдай жылу беріп, қатарларын молайтып отырды. Тіпті олардың сойылын соққандар түрмеге тоғытыла бастаған кезде қылмысына араша түспек болып, жоғары жаққа хат жазғандардың, жаны аши қалғандардың шын бет-пердесі ашылды. Кейбірінің “Біз олардан жамандық көргеміз жоқ, өнер адамдарын қолдады. Сондықтан оларды босатуды сұраймыз”, – деп сәуегейсіндері жаға ұстатады. Міне, елге тұтқа, пана болады деген азаматтардың “итке тастаған сүйекке” малданып жүргендері, халық ризығын өз меншігіндей оңды-солды шашып, байығандарды жақтай қалған күйкі тірліктері идеологиялық жік-жікке бөлуден айналысып қана қоймай, шенеуніктер арасында бюрократияның кеңінен жайылып, реформалардың сапасыз орындалуының негізгі себебіне айналды. Жұртшылықтың санасында мемлекет аппараты туралы бауу жұмыс істейтін немқұрайлы машина деген түсінік қалыптасты. Соның салдарынан көптеген адамдар жұмыссыздықпен бетпе-бет келіп, бұл үдеріс жас буын арасында белең алды. Әлеуметтік кепілдік берілмеді. Табыс іздеп, бірақ бар-бар жері, басар тауы қалмағандар кейін әсіредіншілдердің тұзағына оңай түсті. “Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен” жүруге әдеттеніп, әскери борышын өтеуді айрықша миссия ретінде мақтанш санамайтын болды.

Содырлар мен басбұзарлардың басым көпшілігін “әсіредіншілдер” құрайды деген сөздің жаны бар. Президент қаңтар оқиғасы жайлы “Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасақана арандатты. Лаңкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғын-

дарға оқ атты”, – деуі көп жайтты аңғартады. Ал жоғары лауазым иелерінің мемлекетке сатқындық жасауы, опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдар басшыларының болуы сыбайластардың өзара мүдделескенін, ымыраласқанын, мұның өзі теріс діни ағым басшылары мен мүшелерінің күні бұрын қаскөйлікпен ойластырған ауқымды операциясы екенін қолдағы деректер де айғақтайды. Осының өзі – ұлттық идеологияның қағаз жүзінде қалғанының, елім-жұртым дейтін азаматтардың құлқынның құлы болып кеткенінің бұлтартпас бір дәлелі. Жат ағым тек ислам дінінде ғана десек, қателесеміз. “Иегова куәгерлері” жайлы да осылай айтуға болады. Ресейде ол мемлекет институтына қауіп төндіретін экстремистік ұйым, тоталитарлық секта ретінде танылған. Ондағын мың адамның бойында өшпенділік сезімін тудырған. Қазақстандағы бірлестікке келетін болсақ, оның қатарына қазақ жастарының көптеп кіруі ойландырмай қоймайды. Бұл секта да қазақтың салт-дәстүрлерін жоққа шығарады (тойда шашу шашу, қол жайып бата беру, т.б.). Өскекең ұрпақты антипатриотизмге тәрбиелейді. Яғни, қолға қару ұстауға, әскери қызмет атқаруға болмайды. Азаматтардың негізгі конституциялық құқықтарын елемейді. Мемлекеттік құрылымға бағынбауды насихаттайды, билікті өз қолдарына алуға, өзін-өзі басқаруға шақырады. Қабылданған заңдарды құрметтемейді, мемлекеттік рәміздерден бас тартуға үндейді. Дәстүрлі отбасы институтын мойындамайды, тағысын тағылар. Сектаның түпкі мақсаты қандай деген сауалға теологтар адамдарды ойлау еркінен еріксіз айыру деп жауап берген. Тақырыпты тарата айтып отырған себебіміз – осы секта өңірімізде тамырын тереңге жайған. Білетіндердің айтуынша, қатарында қазақ жастары көп көрінеді. Бүкіл отбасымен секта құрбаны болғандар да жетерлік. “Басы айналғандар” арасында пәтерлерін, қымбат көліктерін “сыйға тартқандары” да, психикалық дертке шалдыққандары да жоқ емес. Айдың-күннің аманында адасып жүргендер жайлы, сектаның адамгершілік қасиеттермен еш сыйыспайтын жағымсыз әрекеттерінен облыстық діни істері басқармасы, құқық қорғау органдары хабардар бола тұра, шарасыз. “Діни ағымның ісіне араласу үшін жеке тұлғалардан арыз талап етіледі”, – дейді ведомство мамандары алақан жайып. Ал ұстанымы заң нормаларына қайшы келетініне қарамастан Әділет министрлігінен тіркеуден өтіп, сертификат алғаны жұртшылық тарапынан үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Белгілі саясаттанушы Расул Жұмали бұл жөнінде ойын былай сабақтайды: “Соңғы кездері асыл дінімізді өздігінеш бұрмалап, уағыздайтын, жеткілікті діни сауаттылығы төмен жекеден топтар мен тұлғалардан аяқ алып жүру қиындап кетті. Әсіресе, өз ұстанымын хақ санайтын салафшыл-уахабшыл бағыттағылар қоғамдағы әділдік, теңдік секілді құндылықтардың құлдырағанын пайдаланып, буыны қатпаған, ақыл-есі толыспаған жастарды өз қатарына қосуға өте шебер. Шектен шыққан мұндай экстремизмге әлеуметтік жағдайы нашар отбасылар, аз қамтылған жандар да бейім тұрады. Өкінішке қарай, елімізде имандылыққа тәрбиелейтін кешенді шаралар көбіне қағаз жүзінде қалады”.

**Біздің ойымызша, 2011 жылы қабылданған “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” Заңға толықтырулар енгізіліп, тиісті баптарын қатаңдатып, ғасырлар бойы қалыптасқан наным-сенімімізге, ата-баба-лар дәстүріне, отбасылық ынтымағымызға, ұлттық құндылықтарымызға кедергі келтіріп, жастарымызды жат қылықтарға итермелейтін радикалды діни ағымдар мен секталарға тоқтау салатын мезгіл жетті.**

Шәріп НҰРТАЕВ, зейнеткер.

• Сайлау – 2024

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**«Тайынша-Таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2024 жылғы 31 наурызға белгіленген Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының депутаттарын сайлауға өз кандидатураларын ұсына-тын Тайынша ауданы мәслихатының депутаттығына кандидаттарды сайлау алдындағы сайлауалды матери-риалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.**

Баспа алаңдарын ұсыну «Қазақстан Республикасын-дағы сайлау туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырыла-ды. Баспа алаңдарын ұсыну газет иесімен СҚО Тайынша ауданы мәслихат депутаттығына кандидатқа сайлауалды материалдарын орналастыруға баспа алаңдарын ұсыну бойынша жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асыры-лады. Кандидаттың баспа алаңдарын беру туралы ЖШС-мен шартқа қол қоюы кандидаттың газет иесімен сайлау алдындағы үгіт-насихат жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Баспа материалда-рын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу тәртібімен белгіленеді. Бір уақытта бірнеше кандидат-тан өтініштер келіп түскен жағдайда серіктестік бір күні же-ребе тартады. Баспа материалдары «Қазақстан Республи-касындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңында, ЖШС-мен баспа материалдарын беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қойған өзге де заңнамалық акті-лерде көзделген көлемде дайын түрде ұсынылады.

Баспа материалдары жариялануына 5 (бес) жұмыс күні қалғанда беріледі.

«Тайынша-Таңы» ЖШС егер ұсынылған материалдарда конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республика-ның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келті-ру сияқты идеялар бар деп тапса, баспа материалдарын қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Аудандық «Тайынша таңы» газетінде 1 (бір) шаршы метр құны 160 (жүз алпыс) теңгені құрайды.

Баспа алаңдарын ұсынғаны үшін төлем жергілікті бюд-жет есебінен не тиісті сайлау қоры қолма-қол есеп айы-рысу арқылы ақшалай қаражатты ЖШС-нің банк шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

Аудандық газет редакциясының лауазымды тұлғала-ры «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 29-бабында көрсетілген мате-риалдарды жариялау жағдайларын қоспағанда, «Тайынша таңы» газетінде кандидаттардың сайлау алдындағы мате-риалдарында жазған ой-пікірлері үшін жауапты емес.

Гүл НҰРАЛИНА,

«Тайынша-Таңы» ЖШС-і директоры.

\* \* \*

### Жергілікті қоғамдастық жиналасын өткізу туралы хабарлама

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасын-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, 39-3-бабына сәйкес 2024 жылғы 25 нау-рызда сағат 15:00-де Амандық ауылдық округі әкімдігінің ғима-ратында жергілікті қоғамдастық жиналысы өтеді. Күн тәртібінде «Ильичевка ауылының атауын өзгерту».

\* \* \*

## ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ....

**Қолданыстағы еңбек заңнамасы квазимемлекеттік сек-тор субъектілеріне жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жем-қорлық қылмыстарын жасаған тұлғаларға белгілі бір шек-теулерді көздейді.**

Бұл сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды квази-мемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналастыруға жол берілмейді деген сөз.

Конституциялық Соттың 2023 жылғы 31 тамыздағы норма-тивтік қаулысы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 2) тар-мақшасы осы түсіндіруде Конституцияға сәйкес деп танылды:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға құқықтық байланысты сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлғаның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа ор-наласуын шектеу осы ұйымдарда басқару функцияларын орын-даумен байланысты лауазымдарға орналасуға үміткер адамдарға қолданылады.

Бұрын квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмысқа орналасуға шектеулер сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға қатысты барлық лауазымдарға қолданылса, енді бұл ақпарат тек басқару функциялары бар қызметтік міндеттерін атқа-румен байланысты лауазымдарға орналасуға үміткер тұлғаларға қатысты талап етіледі. Бұл санатқа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның 1-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес осы ұйымдарда тұрақты, уақытша немесе арнайы уәкілетті орган бойынша ұйымдастырушылық, әкімшілік немесе әкімшілік функцияларды жүзеге асыратын адамдар жатады.

Ақпарат алу үшін құжаттарды қабылдау және беру «электрон-дық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы және оның eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Қызметті орын-дау мерзімі 10 (он) минут, орнатуды қосымша тексеру жағдайын-да – 5 (бес) жұмыс күні.

Қызмет сонымен қатар жұмыс берушілер жұмысқа орнала-суға ниетті кандидаттар туралы ақпаратты «электрондық үкімет» порталында орналастырылған «Үшінші тұлғаларға анықтамалар беру» қызметі арқылы олардың келісімі бойынша «жеке каби-неті» және (немесе) SMS-хабарлама арқылы алу мүмкіндігіне ие.

ҚР Бас прокуратурасы  
Құқықтық статистикасы және арнайы есепке  
комитетінің СҚО бойынша департаменті.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,  
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,  
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»  
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,  
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 72. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:  
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба  
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап  
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен  
материалдардың мазмұны мен мәтініне  
хабарлама беруші автор өзі жауапты.